

“Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы”

KMM


IV тарау

Білімді мыңды жығады...

**Кезектес салалас құрмалас сөйлем
бірде, біресе, кейде**

**B2 ортадан жоғары
деңгей**

Қазақ тілінің оқытушысы : Жазира Смағұлова



Ережені еске түсірейік



Іс-әрекет, оқиғаның жүзеге асуы кезектесіп келетін, тең дәрежеде байланысқан құрмалас салалас түрін **кезектес салалас құрмалас сөйлем** деп атайды.

Кезектес салалас құрмалас сөйлем **жалғаулық шылаулар** (бірде, біресе, кейде) арқылы жасалады.

Мысалы:

Ол өз ойын бірде қазақша, **бірде** орысша айтып жатыр.

Ол кейде жұмысқа уақытында келеді, **кейде** ерте келеді.

Біресе жаңбыр жауады, **біресе** жел соғып, күн суытып кетеді.

Жаңа сөздер:

Атына сай – достойной своего имени

Әділ – честный

Әлеуметтік жағдайы – социальное положение

Бағдарлама – программа

Жетілдіру – совершенствовать

Жетіп артылады – в достаточном количестве

Зәру – крайне нуждаются

Иегер – обладатель

Болса игі еді – было бы хорошо

Мәртебелі – почетный, авторитетный

Озық – передовой, прогрессивный

Сүбелі – значительный
Талпыну – стремиться
Үлес қосу – внести вклад
Іріктеу – отбор
Арттыру – превышать
Жан-жақты – разносторонний
Жүрексіну – робеть, бояться
Тыңғылықты – аккуратный, тщательный
Өмірлік ұстаным – жизненная позиция
Ынта – усердие, интерес
Ықылас білдіру – проявить желание
Үміткер – предендент
Түлек – выпускник
Талапкер – абитурагент



Тапсырмалар орындау

ЖАЗЫЛЫМ

1. Дұрыс нұсқасының астын сызыңыз.



бакалавр	1.
PhD	2.
бастауыш білім	3.
магистратура	4.
кәсіптік білім	5.
орта білім	6.

2. Сөйлемдердің жалғасын табыңыз.

Өткен жылы «Болашақ» бағдарламасына құжаттарымды тапсырдым.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша бакалаврлар дайындалмайтын болды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі

Олармен бір апта болды хабарласа алмай отырмын.

Қазақстан Республикасы – Орта Азиядағы ірі мемлекеттердің бірі

Бұқаралық ақпарат құралдары – ақпараттар, танымдық мәліметтер жиынтығы

Астанада отандық кәсіпкерлердің кеңейтілген отырысы болды

Жазғы олимпиада ойындарына әлемнің 120 елінен спортшы қатысты.

Отбасылық бюджетті тиімді жоспарлаңыз, оны ұқыпты жұмсаңыз

Ол іссапарға барғысы келмеді.

	және экономикасы дамыған әрі әлеуметтік жағдайы тұрақты мемлекет.
	алайдағы ондағы ақпараттардың барлығы пайдалы бола бермейді.
	себебі келесі айлыққа дейін біраз уақыт барын ұмытпаңыз
	себебі олардың телефон нөмірлерін ұмытып қалыппын.
	бірақ дипломымның баллы жетпей бағдарламаның 1 турынан өтпей қалдым.
	себебі «Назарбаев университеті» халықаралық дәрежеде дайындайтын болды.
	және олардың әрқайсысы тамаша жетістіктерге қол жеткізді.
	және шетелдік фирмалармен өзара келісімшарттар жүргізілді
	сондықтан қазақ тілін білу, оны құрметтеу менің міндетім.
	алайда баруға тура келді. Себебі жобаны уақытында аяқтау керек болды.

Білімді мыңды жығады...

Ең үлкен күш кімнің күші? Алып балуанның күші ме, шіріген байдың дәулеті ме, жоқ әлде айлакер сиқыршының сиқыры ма? Бұл үшеуінің біреуін тандап, нағыз күш деп ойласаңыз сіз қателесесіз. Байдың күші кедейлерге көмектескенінде, әйтпесе қолдың кірі ғана. Балуанның күші бұлшық етінде, жалғыз ғана қарсыласын жығуға жетер, он балуанға бірден шамасы жете қоймас. Сиқырдың күшін айтпасам да болады, өзі де көз байлап қызықтыратын бірнеше айладан тұратыны мәлім. Ал ешқашан сарқылмайтын, өмірде бағыт бағдар беріп, мыңдарды жығатын күш ол - білім. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» дейді қазақ. Бұл мақалды көбіміз жатқа білсек те, мағынасына терең үңіліп ойланып көрмеген болармыз.

Адам баласы туа сала ештеңе білмегенімен, Алла тағала оны үйренуі үшін барлық мүмкіндіктермен қамтыған. Яғни адам туа білмейді, жүре біледі. Сол сізге берілген мүмкіндіктердің ең негізгісі, және сізді жануарлардан айыратын ол — ақыл және де ойлау қабілетіңіз. Екпей егін шықпас, үйренбей білім жұқпас демекші осы ақыл ойыңыз арқылы үйреніп, білім күшіне ие бола аласыз.

Бұл күнде математика саласынан метеорологияға дейін керек етіліп келгенімен әлі де зерттелініп біте бермеген қолданбалы физиканың Каос атты теориясы бар. Бұл теория мінездері шағын өзгерістерге өте сезімтал келетін күрделі жүйелерді зерттейді және сол шағын өзгерістер үлкен зардаптарға жол ашады деп жорамалдайды. Едвард Лоренз 1963-жылы Каос теориясының "Көбелек әсері" атты принципін ашқан.

Лоренздің айтуынша, әлемнің бір шетінде ұшып жүрген әлдебір көбелектің қанат қағысынан пайда болған жел, әлемнің енді бір шетіндегі мұхиттың толқынына себеп болады. Яғни кішкентай көбелектің қанат қағысы қанша болымсыз көрінгенімен, үлкен нәтижеге жетелейді. Сол сияқты сіздің біліммен жасаған аз ғана талпынысыңыз әлемнің жақсаруына үлесін қоспақ. Білмейтін адам қалай талпынбақ әрине білімнің, білудің де өзіндік құрамы, ережелері бар.

Сабақты қорыту

5. Кестені толтырыңыз.

[illegible]



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**